

"Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 420 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда № 4647 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 497 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 29.11.2016 № 497 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір қаулылары жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.С.Жұмағазиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2015 жылғы 11 қарашадағы
№ 420 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің жойылуға жататын қаулыларының тізбесі

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 332 "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" ММ кейбір мәселелері туралы" қаулысының 2-тармағы;

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 511 "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" ММ кейбір мәселелері туралы" қаулысы;

3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 456 "Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 511 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы;

4. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 240 "Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 511 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы;

5. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 362 "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысы.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2015 жылғы 11 қарашадағы
№ 420 қаулысымен
"БЕКІТІЛДІ"

"Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді және "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мәртебесін және өкілеттігін айқындайды.

2. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі энергетика, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

3. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

4. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік

құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 030010, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 үй.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

15. "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

Егер "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

энергия тиімділігін және энергияны үнемдеуді арттыруды, коммуналдық, су және газ желілерін дамытуға әрекет жасау, облыс экономикасының энергетикалық секторын дамыту арқылы экономиканың өсу қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

17. Міндеттері:

энергетика, коммуналдық, тұрғын-үй, су және газ шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару.

18. Функциялары:

1) бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландырылатын облыстың энергетика және коммуналдық шаруашылығы объектілерін (инженерлік коммуникациялық желілер, энергетика, су, газ шаруашылығы объектілері) салу және жаңғырту бойынша тапсырысшы қызметін жүзеге асыру;

2) облыстың энергетика және коммуналдық және тұрғын-үй шаруашылығының жай-күйіне және сақталуына жалпы мониторинг жүргізу;

3) облыстың энергетика және коммуналдық және тұрғын-үй шаруашылығы саласындағы қызметті үйлестіру;

4) облыстың (инженерлік коммуникациялық желілер, энергетика, коммуналдық, тұрғын-үй, су, газ шаруашылығы объектілері) энергетика және коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығының дамуына мониторинг және олардың жай-күйіне талдау жүргізу;

5) отын-энергетикалық кешенін дамытуға қатысу;

6) жыл сайын жылу беру кезеңінде облыстың мемлекеттік мекемелерге қажетті отынның табиғи көлемдерін анықтау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

7) облыстың мемлекеттік мекемелеріне отын жеткізіп беруді қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

8) энергетика және коммуналдық шаруашылығы объектілеріне қатысты жобалалық құжаттарды қарау және келісу;

9) салынған және жаңғыртылған инженерлік коммуникациялық желілер, энергетика, су, газ шаруашылығы объектілері қабылдап алу жөнінде қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру;

10) өз құзыретінің мәселелері бойынша мемлекеттік мекемелермен басқа меншіктің барлық нысанындағы ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды және ынтымақтастықты ұйымдастыру;

11) "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру, азаматтардан келіп түскен ұсыныстар мен өтініштерді қарау, солар бойынша шешім қабылдау;

12) заңды тұлғалардың түсті және металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметті лицензиялау, сондай-ақ белгіленген біліктілік талаптары мен лицензиялық ережелерді лицензиаттардың орындауын бақылауды жүзеге асыру;

13) облыс елді мекендері аумағында инженерлік инфрақұрылым мен коммуналдық шаруашылықты дамытуға қатысу;

14) заңнама талаптарына сәйкес инженерлік инфрақұрылым және коммуналдық шаруашылық объектілерінің құрылысына байланысты жұмыстарды, қызметтерді және тауарларды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу;

15) иеліктегі тұрғын-үй қорын (пәтер иелерінің кооперативі, тұтынушылар кооперативі, кондоминиумдер және басқалар) пайдалану және күтіп ұстау жұмысын ұйымдастыру;

16) тұрғын-үй шаруашылығы саласында салалық (секторлық) және аумақтық бағдарламалар әзірлеу және іске асыру;

17) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз етуді ұйымдастыру (сумен жабдықтаумен кәріз жүйелерін пайдалану және жөндеу, қоқыс шығару, лифт шаруашылығын қамтамасыз ету);

18) мемлекеттік тұрғын-үй қорын сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, иесіз тұрғын-үйлерді анықтау, есепке алу және тиісті органдарға беру;

19) тұрғын-үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

20) тұрғын-үй қорын сақтау және пайдалану бойынша кондоминиум нысандарын басқару органдарының қызметін бақылау бойынша тұрғын-үй инспекциясының жұмысын ұйымдастыру;

21) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне техникалық байқау ұйымдастыру;

22) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізудің тізбесін және кезектілігін айқындау;

23) тұрғын-үй көмегінің қатысуымен қаржыландырылатын кондоминиум объектісін басқару органы ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге шығыстар сметасын келісу;

24) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша орындалған жұмыстарды қабылдап алу жөніндегі комиссияларға қатысу;

25) заңнамаға сәйкес "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру;

26) тұтынушылардың жылу пайдалану құрылғыларын пайдалануын және олардың техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асыру;

27) жылу желілерін дайындауды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруды және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

28) жылу желілеріндегі (магистральдық, орамшілік) технологиялық бұзушылықтарға тергеу жүргізу;

29) жылу желілерін (магистральдық, орамшілік) жоспарлы жөндеуді келісу;

30) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамшілік) күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығының паспорттарын беру;

31) қосалқы (тұйықтауыш) электр беру желілері мен кіші станцияларды жобалауды және салуды келісу;

32) 110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен кіші станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытындылар беру;

33) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруы;

34) тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілеріндегі 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін қауіпті техникалық құрылғылардың, жүк көтергіш механизмдердің, эскалаторлардың, аспалы жолдардың, фуникулерлердің, лифтілердің қауіпсіз пайдаланылуын бақылау;

35) тұрмыстық баллондарды және газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

19. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құқықтары:

1) кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген жұмыстарды орындау үшін қажетті мәліметтерді, анықтамаларды, құжаттарды сұрауға және алуға;

2) коммуналдық шаруашылығы саласындағы бұзуларға және "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басқа қызметтеріне байланысты істер бойынша назарылық білдіруге, қуынуға, қуынушы ретінде соттарда сөйлеуге;

3) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыруға қатысуға;

4) тексеру жүргізу уақытында тексерілетін объектіге баруға;

5) тексеру жүргізу кезінде кез келген қажетті ақпаратты сұратуға, тексеру нысанына жататын құжаттардың түпнұсқасымен танысуға;

6) бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді бақылау объектілерінен сұратуға және белгіленген мерзімде алуға;

7) құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бақылау объектілерінің бақылау іс-шарасы мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға құқығы бар.

20. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Заңына сәйкес тексеруді жүргізуге;

2) тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін объектінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

3) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

4) тұрғын-үй қорын күтіп-ұстау ережелерінің бұзылуы туралы актілер жасауға;

5) тұрғын-үй қорын күтіп-ұстау ережелері бұзушылықтарын жою бойынша бұйрықтар шығаруға;

6) өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жұмыстарды жүзеге асыруға.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

21. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшылықты "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

22. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ақтөбе облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

23. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

24. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, ұйымдарда "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлдесін ұстанады;

2) "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын және штат кестесін бекітеді;

3) "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, және босатады, оларды көтермелейді және жаза қолданады;

4) "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін анықтайды;

5) өз құзіреті шегінде "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті тапсырмалар береді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауына жеке жауапты болады және сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған, шаралар қолданады.

"Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

26. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

28. "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мүлікті басқарушы құзыретті орган болып табылады.

29. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

30. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.